

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ИМЖ құжатының атауы:	«ҚазТрансОйл» АҚ-тың ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты	
Саясат	1/1 бет	
Өзірлеуші: корпоративтік қауіпсіздік департаменті	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (202_ жылғы «__» _____ №__ отырыс хаттамасы)	

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық операторы және ірі құбыр компаниясы бола отырып, Қоғамның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын ақпараттық қауіпсіздік қатерлерінен (тәуекелдерінен) сенімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне жоғары талаптар қояды.

Осы Саясатты іске асыру үшін Қоғам басшылығы өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, қоғамның ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдар мен шешімдердің Қоғамның қойылған стратегиялық мақсаттарымен келісілуін қамтамасыз етуге;

3) ақпараттық қауіпсіздіктің қолданыстағы, қабылданатын және ықтимал қатерлерін (тәуекелдерін) анықтауға, жоюға және азайтуға;

4) Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесін тұрақты жақсартуды қамтамасыз етуге;

5) Қоғам жұмыскерлерінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білім деңгейін арттыру;

6) жеткізушілермен/мердігерлермен қарым-қатынаста ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуге.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді (тәуекелдерді) іске асыру нәтижесінде Қоғамға беделді, материалдық немесе өзге де залал келтіру ықтималдығын төмендетуге бағытталған ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Қоғамның мақсаттарын белгілеу үшін негіз болып табылады, Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады және Қоғамның әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Қоғам басшылығы өзіне алған міндеттемелерді орындауды осы Саясатты табысты іске асырудың, Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының орнықты дамуына жәрдемдесу үшін Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесін ұдайы жақсартудың кепілі деп санайды.

Қоғам басшылығы осы Саясатты іске асыруға және барлық қажетті ресурстарды беруге жауапты.